

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2022-2023 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№6 ХАТТАМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ**

Түркістан қаласы

19 қаңтар 2023 жыл

Өткізілген орны: Сенат залы

Өткізілген уақыты: 2023 жыл 19 қаңтар, сағат– 15:00

Қатысқандар – ОӘК мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ кәсіптік (оқу, оқу-өндірістік, өндірістік, педагогикалық, дипломалды, зерттеу және т.б.) практиканың бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы (*Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталық басшысы С.М.Мухиддинова*);

2. Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру (*Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы Е.Ш.Шахабаев*).

3. Өртүрлі мәселелер.

3.1 Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішін жетілдіру мақсатында бекітілген Жол картасы мен іс-шаралар жоспарының орындалу есебі (*Факультет декандары*);

3.2 2022-2026 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар аясында академиялық жұмыс индикаторлары бойынша жарты жылдық есебін талқылау туралы (*Академиялық департамент директоры - А.М. Бостанова*);

3.3 2022-2023 оқу жылының қысқы кезеңінде оқуға қабылданған магистранттар мен докторанттардың академиялық күнтізбесін Сенат мәжілісінің отырысына бекітуге ұсыну және 1 жылдық негізгі оқу жоспарларын бекіту (*Баяндамашы: Жоғары білімнен кейінгі оқу бөлімінің басшысы - Г.А.Балкибаева*);

3.4 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) білім саласы бойынша докторантура бағдарламасына қабылдаудың алдын-ала іріктеу бағдарламасын бекіту (*Медицина факультетінің декан орынбасары Урымбаева А.А.*);

3.5 Университет ОПҚ дайындаған оқулық, оқу-құралдарын, оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтарын талқылап бекіту (*Факультет төрағалары*);

3.6 «Yassawi академиялық үстемдік орталығы» шеңберінде оқыту жүргізу үшін білім беру бағдарламаларының тізімін бекіту (*Жауапты: Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиков*).

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.1 Білім алушылар көктемгі семестрдегі кәсіптік практика құжаттарымен АҰУ Portal базасында қамтамасыз етілсін (*орындау мерзімі – 05.01.2023ж. және 30.01.2023ж., жауапты – IT департаменті, кафедра меңгерушілері, практика жетекшілері, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы*);

1.2 Білім алушылардың мекемелерден практикадан өтуін қадағалау мақсатында, университетте бекітілген кәсіптік практика жетекшілері және педагогикалық практикада психолог-педагог әдіскерлердің практика кезінде бекітілген жүктемесіне сәйкес практика базаларымен тығыз байланысы қамтамасыз етілсін (*орындау мерзімі – практика өту мерзімінде үнемі, жауапты – факультет декандары, кафедра меңгерушілері, практика жетекшілері, мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығы*);

1.3 2022-2023 оқу жылындағы кәсіптік практиканың қорытынды конференцияларынан кейін практика құжаттарына факультеттер деңгейінде өкіммен құрылған жұмыс топтарымен постмониторинг жүргізілсін (*орындау мерзімі – кәсіптік практиканың қорытынды конференциясынан кейінгі 3 (үш) жұмыс күні мерзімінде, жауапты – факультет декандары, кафедра меңгерушілері, мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығы*);

1.4 Кәсіптік практика құжаттарының дайындығында кемшіліктер жіберілген Мемлекеттік жергілікті басқару және ХҚ, Компьютерлік инженерия, Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедра меңгерушілеріне тәртіптік шара қолдануға ұсыныс берілсін (*орындау мерзімі – қаңтар 2023ж., жауапты – факультет декандары*);

1.5 Кәсіптік практиканы ұйымдастыру және құжаттарын рәсімдеудің әдістемелік нұсқаулығы әзірленсін (*орындау мерзімі – сәуір айы 2023ж. ОӘК, жауапты – кадр даярлаушы кафедра меңгерушілері, факультет оқу-әдістемелік комитет төрағалары*).

Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2.1 2022-2023 оқу жылында барлық білім беру бағдарламаларының мақсатына, оқыту нәтижелеріне пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында жұмыс берушілермен жүргізілген сауалнама нәтижелері назарға алынсын.

2.2 2023 - 2024 оқу жылында жұмыс берушілермен жүргізілетін сауалнама мазмұны Академиялық комитеттер тарапынан ұсынылып, талқыланып бекітілсін (*орындау мерзімі: Наурыз айы, жауапты: Академиялық департамент*);

2.3 2023-2024 оқу жылында жұмыс берушілермен жүргізілетін сауалнама google form-да ұйымдастырылсын (*жауапты: Академиялық комитет*).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.1. Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішін жетілдіру мақсатында бекітілген Жол картасы мен іс-шаралар жоспарының орындалу есептері назарға алынсын.

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.2. 2022-2026 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар аясында академиялық жұмыс индикаторлары бойынша жарты жылдық есебі назарға алынсын.

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.3.1 2022-2023 оқу жылының қысқы кезеңінде оқуға қабылданған магистранттар мен докторанттардың академиялық күнтізбесін Сенат мәжілісінің отырысына бекітуге ұсынылсын (*жауапты: Жоғары білімнен кейінгі оқу бөлімінің басшысы - Г.А.Балкибаева*);

3.3.2 2022-2023 оқу жылының қысқы кезеңінде оқуға қабылданған магистранттар мен докторанттардың 1 жылдық негізгі оқу жоспарлары бекітілсін (*жауапты: Жоғары білімнен кейінгі оқу бөлімінің басшысы - Г.А.Балкибаева*).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.4. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) білім саласы бойынша докторантура бағдарламасына қабылдаудың алдын-ала іріктеу бағдарламасын бекітілсін (*Медицина факультетінің деканы Ы.С.Молдалиев*).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.5 Университеттің Оқу-әдістемелік комитетінде мақұлданған, ОПК дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдарын талқылау және бекіту (автордың өз қаражат есебінен) үшін кезекті Сенат мәжілісіне ұсыну:

3.5.1 Филология факультеті, «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы С.Бейсенбаеваның «Русский язык IV» атты оқу құралы;


3.5.2 Медицина факультеті, «Жалпы хирургия» факультетінің оқытушылары Ш. А. Алдабергенова, М. М. Марат, Г. А. Турсынбаева, С.Б. Танирбергенованың «Клиникаға кіріспе. Мейірбикелік күтім» атты оқу құралы (жауапты: ОӘК хатшысы А.Б.Тасова).

3.5.3 Филология факультеті, «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы С.Бейсенбаеваның «Сборник тестов по русскому языку» атты оқу-әдістемелік құралы бекітілсін (жауапты: ОӘК хатшысы А.Б.Тасова).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.6 «Yassawi академиялық үстемдік орталығы» шеңберінде оқыту жүргізу үшін білім беру бағдарламаларының тізімін бекіту Сенат мәжілісіне ұсынылсын (Жауапты: Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиков).

**Оқу-әдістемелік комитет
хатшысы**



А.Б.Тасова